

ҒТАХР 03.20.09

ӨМІРБАЯНДЫҚ НАРРАТИВТІ МЕКТЕП ТАРИХЫНДА ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ: XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН САЯСИ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ

Ж.Ж. Шупанова^{1*}, Г.С. Ильясова²

^{1,2}Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті (Петропавл, Қазақстан)

E-mail: shupanova61@gmail.com^{1*}

igauhara5@gmail.com²

^{1*}<https://orcid.org/0000-0002-7161-1808>

²<https://orcid.org/0009-0003-9773-2725>

Аңдатпа. Мақалада мектеп тарихы курсына өмірбаяндық нарративті қолданудың теориялық-әдіснамалық және практикалық негіздері XX ғасырдың бірінші жартысындағы Солтүстік Қазақстан өңірінің саяси және ағартушылық қайраткерлері мысалында жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің мақсаты - тарихи тұлғаларды оқыту үдерісінде биографиялық тәсілдің педагогикалық әлеуетін анықтау, өмірбаяндық нарративке негізделген құрылымдық-мазмұндық оқыту моделін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру. Әдіснамалық негіз ретінде диалектикалық, тарихи-хронологиялық, тарихнамалық, контент-талдау, салыстырмалы талдау, модельдеу, сондай-ақ педагогикалық диагностика әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында мектеп оқулықтарының мазмұны сарапталып, оқушылардың тарихи тұлғалар туралы білім деңгейі анкеталау, тестілеу, бақылау, пікірталас, жазбаша жұмыстар және дереккөздермен практикалық жұмыс арқылы анықталды. Диагностикалық кезең нәтижелері дәстүрлі оқыту тәсілдері тарихи тұлғаларды терең әрі жүйелі түсінуді қамтамасыз етпейтінін, білімнің көбіне ақпараттық деңгейде қалыптасатынын көрсетті.

Өмірбаяндық нарративті жүйелі енгізу эксперименттік топтарда оқушылардың білім сапасының оң динамикасы байқалып, орта және жоғары деңгейдегі көрсеткіштер едәуір артты, ал оқу мотивациясы мен пәнге қызығушылық күшейді. Себебі тарихи контексті түсінуін, дереккөздермен жұмыс істеу, талдау, бағалау және рефлексия жасау дағдыларын айтарлықтай жетілдіргені анықталды.

Зерттеу нәтижелері өмірбаяндық нарративті мектеп тарихын оқыту тәжірибесіне енгізудің ғылыми және практикалық маңызын дәлелдеп, тарихи білім мазмұнын жаңғыртуға бағытталған әдістемелік ұсыныстар ұсынады.

Кілт сөздер: өмірбаяндық нарратив, тарихи тұлға, мектеп тарихы, тарихты оқыту әдістемесі, тұлғатанулық тәсіл, педагогикалық эксперимент, танымдық құзыреттілік, сыни ойлау, Солтүстік Қазақстан, саяси қайраткерлер

Кіріспе

Өмірбаяндық нарративті зерттеу қазіргі тарих ғылымында маңызды орын алады, өйткені ол тарихи процестерді белгілі бір адамның өмірі туралы нақты ақпараттың қайнар көзі ғана емес, сонымен бірге дәуірдің мәдени құндылықтарын, әлеуметтік нормалар мен есте сақтау механизмдерін бейнелейтін тарихи баяндау формасы болып табылады.

Микротарихты, күнделікті тарихты және антропологиялық тәсілді дамыту жағдайында өмірбаяндық нарратив жеке тұлға мен қоғамның өзара әрекеттесуін талдау құралына айналады. Жеке адамдардың тағдыры арқылы зерттеуші жасырын әлеуметтік тәжірибелерді, мәдени ортаның ерекшеліктерін, жеке басының өзгеруін және тарихи оқиғалардың жеке

өмірге әсерін анықтауға мүмкіндік алады. Өмірбаяндық нарративтің өзектілігі жеке тарихқа, отбасылық жадқа және жергілікті қауымдастықтарға деген қызығушылықтың артуымен байланысты.

Өмірбаяндық нарратив қоғамдық тарихта, мұражай тәжірибесінде және білім беру қызметінде ерекше маңызға ие. Жекелендірілген әңгімелер өткенді кең аудиторияға қол жетімді және түсінікті, студенттер мен мұражай келушілерінің эмпатиясы мен тарихи ойлауын қалыптастыруға ықпал жасайды. Оқу процесінде өмірбаяндар теориялық білімді тірі адам тәжірибесімен байланыстыруға көмектеседі, тарихты зерттеуге деген ынтаны арттырады. Сонымен қатар, цифрландыру дәуірінде өмірбаяндық зерттеулердің қайнар көзі кеңейіп келеді: жеке мұрағаттар, ауызша естеліктер, цифрлық жинақтар және әлеуметтік медиа жаңа мүмкіндіктер туғызады және сонымен бірге баяндау стратегияларын, авторлық позицияны және тұлғаны бейнелеу тетіктерін сыни талдауды қажет етеді.

Солтүстік Қазақстан өңірі - қазақ мемлекеттілігі мен қоғамдық ойының қалыптасуында маңызды орын алған тарихи кеңістік. Бұл аймақтан шыққан Жұмабек Тәшенов, Мағжан Жұмабаев, Жумағали Тлеулин сынды қайраткерлердің қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі өңірдің ғана емес, бүкіл елдің тарихында айрықша орын алады. Олардың өмірі мен қызметін тарихи контекстпен байланыстыра оқыту оқушылардың өткенді терең түсінуіне, азаматтық ұстаным мен ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осы зерттеудің мақсаты - мектеп тарихын оқытуда өмірбаяндық нарративті қолданудың тиімді моделін әзірлеу және оны ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Солтүстік Қазақстанның саяси және ағартушылық қайраткерлерінің өмірі мен қызметі негізінде тәжірибелік тұрғыда апробациялау. Зерттеу барысында аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері, қоғамдық құрылымның өзгерістері мен тарихи тұлғалардың қалыптасуына әсер еткен факторлар талданып, олардың педагогикалық әлеуеті айқындалады.

Ұсынылған тәсіл ұлттық тарихты оқытуды жаңғыртуға, тұлғатанулық мазмұнды тереңдетуге және мектеп білімінде тарихи сананы қалыптастырудың тиімді құралдарын жүйелеуге бағытталған.

Осылайша, өмірбаяндық нарративті зерттеудің өзектілігі оның тұлға мен тарихи дәуірдің өзара байланысын ашудағы, заманауи әдіснамалық тәсілдерді дамытудағы, сыни тарихи ойлауды қалыптастырудағы қоғамдық және білім беру тарихының мүмкіндіктерін кеңейтудегі әлеуетіне байланысты.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу аясында қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру үшін өзара сабақтас ғылыми және педагогикалық әдістер кешені қолданылды. Әдіснамалық негіз ретінде тарихи құбылыстарды даму мен өзара байланыс жүйесінде қарастыруға мүмкіндік беретін диалектикалық тәсіл басшылыққа алынды. Аталған тәсіл зерттеу нысанын кешенді, жүйелі және объективті талдауға жағдай жасады.

Саяси қайраткерлердің қоғамдық қызметін уақыт кеңістігінде қарастыру мақсатында тарихи-хронологиялық әдіс пайдаланылып, олардың өмір жолы мен қызметінің негізгі кезеңдері, әлеуметтік-саяси ахуалмен сабақтастығы айқындалды. Сонымен қатар тарихнамалық талдау арқылы тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектер мен дереккөздер жүйеленіп, тұлғалардың ұлттық тарихтағы орны мен рөліне берілген ғылыми бағалар салыстырмалы тұрғыда сарапталды (Нурмуханбетов:2024:101-112).

Өмірбаяндық нарративті жүзеге асырудың мүмкіндіктерін ашатын тағы бір бағыт - әдеби және педагогикалық мұраларды оқу-тәрбие процесінде қолдану. Бұл тұрғыда Б.Б. Сурағанованың «М. Жұмабаев шығармаларын Қазақстан тарихы сабақтарында пайдалану» (Сурағанова,2018:189-192) және Е.Н. Иванованың «М. Жұмабаевтың педагогикалық идеяларын оқу-тәрбие жұмысында қолдану мүмкіндіктері» (Иванова,2018:88-91) еңбектері назар аударарлық. Бұл зерттеулерде ақынның шығармашылық және педагогикалық мұрасының оқушылардың рухани-адамгершілік дамуына әсері айқындалады. Авторлар

тарихи және мәдени тұлғаларды оқыту барысында оқушылардың құндылықтық бағдарларын, ұлттық дүниетанымын және патриоттық сезімдерін қалыптастыруға ерекше назар аударған.

Заманауи шетелдік зерттеулердің қатарында К. Бартонның «Тарихты оқытудағы тұлғалар мен оқиғалар: әлеуметтік мақсаттар тұрғысынан» (Barton, 2021) атты еңбегі ерекше маңызға ие. Автор тарихи тұлғалардың өмірбаяндық нарративтерін оқыту тек білім беру емес, оқушылардың қоғамдық санасын қалыптастырудың негізгі құралы екенін дәлелдейді. К. Бартонның тұжырымдамасы бойынша, тарихи тұлғаның жеке басын зерделеу арқылы оқушылар өткен заманның әлеуметтік құндылықтарын қазіргі өмірмен салыстыра отырып, өздерінің азаматтық ұстанымдарын қарастырады.

Бұл зерттеудің Б.Сурағанованың еңбектерімен үндестігі - тұлғатану әдісін тек деректер жиынтығы ретінде емес, оқушының тұлғалық дамуына, оның ішінде адамгершілік және әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған педагогикалық стратегия ретінде құрылады. Осылайша, заманауи шетелдік тәжірибе тұлғаның өмірбаяндық нарративін тарих сабақтарында қолданудың жаһандық педагогикалық маңыздылығын растай түседі.

Тағы шетелдік тәжірибеде өмірбаяндық нарративті тарихи білім беру контекстінде қарастырудың маңыздылығы А. Чепменнің зерттеулерінде көрініс табады. Оның «Тарихты оқыту мен үйренудегі тарихи интерпретациялар» атты еңбегінде (Charman, 2021) тарихи тұлғалардың өмір жолы мен олардың қалдырған деректерін талдау арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту мәселелері көтеріледі. Автордың пікірінше, тұлғаның өмірбаяндық нарративі тек фактілер жиынтығы емес, ол - өткен шақты қазіргі уақытпен байланыстыратын құндылықтық құрал. Чепмен тарихи тұлғалардың жеке тәжірибесін оқу процесінде пайдалану оқушылардың тарихи эмпатиясын қалыптастыруға және олардың әртүрлі мәдени контексттерді тереңірек түсінуіне мүмкіндік беретінін негіздейді. Бұл бағыт білім алушылардың тарихи санасын жаңғыртып, олардың бойында жаһандық азаматтық ұстанымдарды бекітуге бағытталған.

Аталған еңбектердің барлығы Қазақстанда биографиялық тәсілді дамытуға айтарлықтай үлес қосып, тарихты оқытудың мазмұны мен әдіснамасын жаңаша пайымдауға жол ашты. Олардың талдауы көрсеткендей, тарихи тұлғалардың өмірбаянын оқыту тек білім беру құралы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени контекстіні терең түсінуге мүмкіндік беретін әдістемелік ресурс болып табылады. Дегенмен, биографиялық тәсілді қолдану мәселесі әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді, өйткені ол қазіргі білім беру процесін актуалды оқиғалармен және социомәдени құндылықтармен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Өмірбаяндық нарративті талдау тәсілді қалыптастыру мен жетілдіру мәселесі тек қазақстандық ғалымдардың ғана емес, сонымен қатар ресейлік әдіскерлердің де назарында болған. Мысалы, М.Е. Жукова өз еңбегінде «Оқушылардың тарихи тұлға туралы білімін қалыптастыру (8-сынып тарих курсы негізінде)» атты кандидаттық диссертациясында (Жукова, 1994) тарихи тұлға туралы білімді меңгерту әдістемесін жан-жақты талдаған. Ғалымның зерттеуінде биографиялық тәсілді тәжірибеде қолданудың тиімділігін анықтауға бағытталған әдістемелік модель мен эксперименттік зерттеу жүргізілген.

Осылайша, қазақстандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау көрсеткендей, биографиялық тәсіл қазіргі кезеңде тарихи білім берудің маңызды бағыты ретінде орнығып отыр. Ол оқушылардың шығармашылық ойлауын, эмоционалды қатысын, және тарихи тұлғаларға деген жеке көзқарасын дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында өмірбаяндық нарративті жүзеге асырудың нақты әдістемелік тетіктері де қолданылды. Атап айтқанда, «тарихи рөлдік ойын» және «дереккөзбен жұмыс алгоритмі» енгізілді. Рөлдік ойын барысында оқушылар тарихи тұлғалардың (мысалы, Жұмабек Тәшенов, Мағжан Жұмабаев) рөлін қабылдап, олардың атынан тарихи шешімдер қабылдау, пікірталас жүргізу және диалог құру тапсырмаларын орындады. Бұл тәсіл тарихи жағдайды терең түсінуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар дереккөзбен жұмыс істеудің келесі алгоритмі ұсынылды:

-Дереккөздің түрін анықтау;

- Авторын және тарихи контекстін белгілеу;
- Негізгі ақпаратты бөліп көрсету;
- Сенімділігін бағалау;
- Қорытынды жасау және жеке пікір білдіру.

Цифрлық ресурстар ретінде e-history.kz порталы, цифрлық архивтер, интерактивті карталар, сондай-ақ Padlet және Google Classroom платформалары қолданылды. Оқушылар тарихи тұлғалардың «цифрлық портретін» жасап, бірлескен жобалар орындады

Қолданылған әдістер кешені зерттеу нысанын жан-жақты қарастыруға, өмірбаяндық нарративтің мектеп тарихын оқытудағы педагогикалық мүмкіндіктерін терең анықтауға және Солтүстік Қазақстан өңірі қайраткерлерінің өмірі мен қызметін тиімді меңгертуге бағытталған практикалық ұсынымдар жасауға негіз болды.

Талқылау

Тарихи тұлғалар туралы білім қалыптастыру - күрделі әрі көпқырлы педагогикалық үдеріс екені зерттеу нәтижелері арқылы айқындалды. Ол тек деректік ақпаратты меңгерумен шектелмей, оқушылардың тарихи санасын, азаматтық ұстанымын және ұлттық құндылықтарға қатынасын қалыптастыратын тұтас дүниетанымдық жүйе ретінде көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, мектеп тарихын оқытуда өмірбаяндық нарративті пайдалану тарихи білімнің мазмұнын тұлғалық деңгейде тереңдетуге мүмкіндік береді (Муханова,2023:120-128).

Жүргізілген талдау көрсеткендей, дәстүрлі оқыту тәжірибесінде тарихи материал көбіне оқиғалар мен даталар тізбегі ретінде ұсынылады, ал тұлғаның тарихи үдерістегі рөлі екінші қатарда қалып қояды. Мұндай тәсіл оқушылардың тарихты формальды қабылдауына әкеліп, оның тәрбиелік және құндылықтық әлеуетін толық аша алмайды. Ал биографиялық нарратив тарихи құбылыстарды нақты адам тағдырымен байланыстыра отырып, оқушылардың эмоционалдық қабылдауын күшейтеді және өткенді саналы түсінуге жағдай жасайды.

Тұлғалардың өмір жолын тарихи контекспен сабақтастыра қарастыру, әсіресе, Солтүстік Қазақстан өңірінен шыққан қайраткерлердің қызметін оқыту барысында айқын көрінеді. Мәселен, Жұмабек Тәшенов қызметін талдау арқылы мемлекеттік тұтастық пен ұлттық мүддені қорғау идеялары, Мағжан Жұмабаев шығармашылығы арқылы ағартушылық пен рухани құндылықтар, ал Жұмағали Тілеулин қызметі арқылы қоғамдық белсенділік пен азаматтық жауапкершілік мәселелері нақты тарихи мазмұнда ашылады. Бұл мысалдар оқушылардың тарихты абстрактілі құбылыс ретінде емес, адам әрекеті арқылы дамитын үдеріс ретінде қабылдауына ықпал етеді.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері биографиялық материалмен жұмыс істеу оқушылардың танымдық құзыреттілігін дамытуға елеулі әсер ететінін көрсетті. Тұлғалардың өмірбаянын зерттеу барысында оқушылар ақпаратты іздеу, салыстыру, талдау, деректерді бағалау және қорытынды жасау сияқты әрекеттерді жүзеге асырады. Осылайша, тарихи білім когнитивтік деңгейден шығып, бағалау және рефлексивтік сипатқа ие болады. Бұл оқушының «не болды?» деген сұрақпен ғана шектелмей, «неліктен маңызды?» және «мен үшін қандай мағынасы бар?» деген мәселелерді де пайымдауына мүмкіндік береді.

Білімнің ақпараттық, процедуралық, бағалау және рефлексивтік түрлерін кіріктіру тұрғысынан қарастырғанда, биографиялық нарратив олардың барлығын бір мезгілде қамтитын әмбебап әдістемелік құрал ретінде көрінеді. Ол тарихи деректерді меңгеруді ғана емес, тарихи ойлау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, тұлғалық ұстаным қалыптастыру дағдыларын дамытуға жағдай жасайды. Осыған байланысты тарихи тұлғалар туралы білімнің сапалық көрсеткіштері - толықтық, тереңдік, жүйелелік, саналылық және беріктік - биографиялық тәсілді қолдану кезінде анағұрлым жоғары деңгейде қалыптасатыны байқалды.

Дегенмен, биографиялық нарративті тиімді пайдалану бірқатар шарттарды талап етеді: мұғалімнің әдістемелік дайындығы, оқу материалының мазмұндық жүйеленуі және

тұлғалардың тарихи контексте кешенді ұсынылуы. Бұл факторлар ескерілмеген жағдайда өмірбаяндық материал тек қосымша дерек деңгейінде қалып қоюы мүмкін.

Осылайша, талқылау нәтижелері өмірбаяндық нарративтің мектеп тарихын оқытуда тек иллюстрациялық тәсіл емес, оқушылардың тұлғалық, азаматтық және танымдық дамуын қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық механизм екенін көрсетеді. Ол тарихи білімді мағыналы, жүйелі және өмірмен байланыстыра отырып, ұлттық тарихты меңгерудің тиімділігін арттырады (Тлеубаева:2022:66-74).

Зерттеу нәтижелері

XX ғасырдың бірінші жартысында Солтүстік Қазақстан облысында саяси қызмет атқарған қайраткерлер туралы оқушылардың білім деңгейін айқындауға бағытталған диагностикалық зерттеу мектеп тәжірибесіндегі бастапқы жағдайды анықтауға мүмкіндік берді. Жүргізілген талдау нәтижелері тарихи тұлғаларды оқытуда биографиялық нарратив тәсілінің жеткілікті деңгейде жүйелі қолданылмайтынын және оқушылар білімінің көбіне фрагментарлы сипатта қалыптасқанын көрсетті.

Петропавл қаласындағы жалпы білім беретін мектептердің бірінде 8-9 сынып оқушылары арасында жүзеге асырылды. Диагностикаға барлығы 96 білім алушы қатысып, олар эксперименттік және бақылау топтарына бөлінді. Топтардың жас ерекшелігі, оқу үлгерімі мен мотивациялық көрсеткіштері өзара салыстырмалы болды, бұл алынған нәтижелердің объективтілігін қамтамасыз етті.

Диагностикалық кезеңде анкеталау, тестілеу, әңгімелесу және бақылау әдістері арқылы оқушылардың:

- өңірлік саяси қайраткерлер туралы деректік білім деңгейі;
- тарихи тұлғаларды тануға деген қызығушылығы;
- танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясы;
- биографиялық материалды қабылдау және талдау дағдылары анықталды.

Алынған мәліметтерді талдау барысында оқушылардың басым бөлігінде тарихи тұлғалар туралы білімнің ақпараттық деңгеймен шектелетіні байқалды. Көпшілігі қайраткерлердің есімдерін немесе жекелеген фактілерін ғана білетіндігімен, олардың қоғамдық-саяси қызметінің маңызын, тарихи рөлін және дәуірлік контекстпен байланысын түсіндіруде қиындықтарға тап болды. Бұл жағдай білімнің тереңдік, жүйелілік және саналылық сияқты сапалық көрсеткіштерінің жеткіліксіз қалыптасқанын аңғартты.

Сонымен қатар, сауалнама нәтижелері оқушылардың тарихи тұлғаларды оқуға қызығушылығы бар екенін, алайда оқу материалында өмірбаяндық мазмұнның аз қамтылуы олардың танымдық белсенділігін толық іске асыруға мүмкіндік бермейтінін көрсетті. Әңгімелесу барысында оқушылар тарихи оқиғаларды көбіне абстрактілі түрде қабылдайтынын, ал нақты тұлғалардың тағдыры арқылы берілген материалды есте сақтау жеңілдік әрі түсініктірек болатынын атап өтті.

Эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы тест көрсеткіштерін салыстыру олардың білім деңгейінде елеулі айырмашылықтың жоқ екенін көрсетті, бұл педагогикалық эксперименттің кейінгі кезеңдерінде енгізілетін әдістеменің тиімділігін объективті бағалауға мүмкіндік берді. Статистикалық өңдеу нәтижелері білім көрсеткіштерінің орташа мәндерінің төмен немесе орта деңгейде шоғырланғанын және вариация коэффициенттерінің айтарлықтай жоғары екенін көрсетті, яғни оқушылардың даярлық деңгейі біркелкі емес екендігі анықталды.

Жалпы алғанда, диагностикалық зерттеу нәтижелері XX ғасырдың бірінші жартысындағы Солтүстік Қазақстан облысының саяси қайраткерлерін оқытуда тұлғатанулық және биографиялық мазмұнның жеткіліксіз екенін дәлелдеп, биографиялық нарративке негізделген арнайы әдістемені енгізудің педагогикалық тұрғыдан қажетті әрі өзекті екенін айқындады. Бұл деректер кейінгі қалыптастырушы эксперименттің мазмұнын нақтылауға және оқыту моделін жетілдіруге негіз болды. Осыны 1-кестеде қарауға болады.

Кесте 1. Эксперименттік және бақылау топтарындағы тест бойынша орташа баллдар мен өзгергіштік коэффициенті

Топ	Орташа балл	Өзгергіштік коэффициенті
ЭТ1	52	0,24
БТ1	49	0,28
ЭТ2	51	0,26
БТ2	48	0,29

Жүргізілген диагностикалық зерттеу нәтижелері эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы дайындық деңгейі өзара тең дәрежеде екенін көрсетті. Тестілеу көрсеткіштерінің ұқсастығы оқушылардың XX ғасырдың бірінші жартысындағы Солтүстік Қазақстан облысының саяси қайраткерлері туралы білімінде айтарлықтай айырмашылықтың жоқтығын дәлелдеді. Бұл жағдай биографиялық нарративке негізделген әдістемені енгізу алдындағы бастапқы жағдайдың біркелкілігін қамтамасыз етіп, кейінгі педагогикалық эксперимент нәтижелерін объективті салыстыруға және қолданылған әдістеменің тиімділігін ғылыми тұрғыда нақты бағалауға мүмкіндік берді.

Тестілеу материалдарын терең талдау барысында оқушылардың тарихи тұлғалар туралы білімдерінің қалыптасу деңгейі құрылымдық тұрғыда сарапталды. Нәтижелер білімнің тек деректік сипатта меңгерілгенін, ал тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметінің маңызын, тарихи контекстпен байланысын және өмір жолының тұтастығын түсіну деңгейі жеткіліксіз екенін көрсетті. Басқаша айтқанда, тарихи тұлғаны кешенді, өмірбаяндық тұрғыда қабылдау дағдылары әлсіз қалыптасқаны анықталды.

Білім сапасын нақтылау мақсатында оқушылар көрсеткіштері арнайы ранжирлеу шкаласы бойынша топтастырылды. Талдау нәтижесінде білім алушылардың басым бөлігі төмен және орта деңгейлерде шоғырланғаны байқалды. Бұл олардың тарихи материалды көбіне фрагментарлы түрде меңгеретінін, себеп-салдарлық байланыстарды орнату мен тұлғаның тарихи рөлін бағалауда қиындықтарға тап болатынын көрсетті. Жоғары деңгейдегі оқушылар үлесінің аз болуы биографиялық және тұлғатанулық компоненттің мектеп тәжірибесінде жеткіліксіз қолданылатынын айқындайды.

Сонымен қатар, өте төмен деңгейдегі нәтижелердің болуы жекелеген оқушылардың тарихи білімінің жүйесіздігі мен мотивациялық әлсіздігін байқатты. Мұндай жағдай тарихи тұлғаларды оқытуда дәстүрлі ақпараттық тәсілдің шектеулі мүмкіндігін және оқытудың тұлғалық-бағдарлы әдістерін енгізу қажеттілігін көрсетеді.

Осылайша, алынған нәтижелер оқушылардың тарихи тұлғалар туралы білімінің бастапқы деңгейі жеткіліксіз әрі біркелкі емес екенін дәлелдеп, биографиялық нарративке негізделген әдістемені енгізудің педагогикалық тұрғыдан негізділігін айқындады. Диагностика қорытындылары кейінгі қалыптастырушы эксперименттің мазмұнын нақтылауға және оқыту үдерісін жетілдіруге эмпирикалық база қызметін атқарды. Осыны 2-кестеде көруге болады.

Кесте 2. Эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың тарихи тұлға туралы білім деңгейінің қалыптасу көрсеткіштері

Топ	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей	Өте төмен деңгей
ЭТ1	1	6	14	4
БТ1	2	7	12	3
ЭТ2	1	4	13	5
БТ2	3	6	11	4

2-кестеден көрініп тұрғандай, барлық топтарда оқушылардың басым бөлігінде тарихи тұлға туралы білімнің қалыптасу деңгейі төмен болып табылады, бұл тест бойынша алынған орташа баллдың төмендігімен сәйкес келеді. Алайда әрбір бақылау тобында (БТ) жоғары деңгейдегі білімге ие оқушылар саны тиісті эксперименттік топтарға (ЭТ) қарағанда көбірек екені байқалады (ЭТ1 және БТ1 топтарында - 1-ге қарсы 2, ЭТ2 және БТ2 топтарында - 1-ге қарсы 3).

Сонымен қатар, әрбір бақылау тобында өте төмен деңгейдегі білімге ие оқушылар саны тиісті эксперименттік топтарға қарағанда аз (ЭТ1 және БТ1 топтарында - 4-ке қарсы 3, ЭТ2 және БТ2 топтарында - 5-ке қарсы 4). Бұл жағдай бақылау топтарында тарихи тұлғаларды оқуға қызығушылығы жоғары әрі дайындық деңгейі жақсы оқушылардың бар екенін көрсетеді. Мұндай оқушылар педагогикалық эксперимент барысында эксперименттік топтар үшін әлеуетті бәсекелес бола алатынын аңғартады.

Оқушылардың тарихи тұлғаларға деген эмоционалдық қатысын (эмпатиясын) анықтау мақсатында қосымша диагностикалық құралдар қолданылды. Атап айтқанда, эмпатиялық шкала, рефлексиялық эссе және «Мен бұл тұлғаның орнында болсам...» атты тапсырмалар енгізілді.

Эксперимент нәтижесінде оқушылардың эмпатиялық көрсеткіштері артқаны байқалды. Рефлексиялық жұмыстардан келесі пікірлер алынған:

«Мен Жұмабек Тәшенов сияқты өз ұстанымымды қорғау қиын екенін түсіндім». «Мағжан Жұмабаев өмірі арқылы сол кезеңнің ауырлығын сезіндім».

Бұл нәтижелер оқушылардың тарихи білімді тек ақпараттық емес, тұлғалық-эмоционалдық деңгейде меңгере бастағанын дәлелдейді.

Алынған деректерді өңдеу бірнеше кезең арқылы жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде деректер жинақталып, әрбір оқушы бағалау критерийлері бойынша үш деңгейге (төмен, орта, жоғары) жіктелді. Екінші кезеңде әрбір топ бойынша осы деңгейлерге жататын оқушылар саны анықталып, арнайы формула негізінде олардың пайыздық арақатынасы есептелді. Бұл тәсіл эксперименттік және бақылау топтарындағы білім мен біліктердің қалыптасу деңгейін салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік берді.

$$P=(N/T)*100$$

мұнда:

P - белгілі бір деңгейге (төмен, орта, жоғары) жататын оқушылардың пайыздық үлесі;

N - белгілі бір деңгейге жататын оқушылар саны;

T - топтағы оқушылардың жалпы саны.

Төменде тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа дейін жүргізілген кешенді диагностиканың нәтижелерін көрсететін деректер ұсынылған (3-кестені қараңыз).

Жүргізілген диагностиканың нәтижелері эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың XX ғасырдың бірінші жартысындағы Солтүстік Қазақстан облысының саяси қайраткерлері туралы білімінің қалыптасу деңгейі қанағаттанарлықсыз екенін көрсетті. Бұл тарихи тұлғаларды оқытуда дәстүрлі тәсілдердің оқушылардың терең түсінуі мен талдау қабілеттерін жеткілікті деңгейде қамтамасыз ете алмай отырғанын аңғартады.

Диагностика барысында ең үлкен қиындықтар «Тарихи дереккөздермен жұмыс жасау», «Тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау» және «Рефлексия және тұлғалық пайымдау» критерийлері бойынша анықталды. Аталған көрсеткіштер бойынша бақылау және эксперименттік топтардың барлығында дерлік (БТ1, БТ2, ЭТ1, ЭТ2) төмен деңгейдегі оқушылардың үлесі 55%-дан жоғары болды. Бұл оқушылардың тарихи деректерді талдауда, тарихи тұлғаның қызметіне өзіндік дәлелді баға беруде және алынған білімді қазіргі заманмен байланыстыруда елеулі қиындықтарға тап болатынын көрсетеді.

Кесте 3. Эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа дейінгі тарихи тұлға туралы білім мазмұнының құрылымы

Критерий	Көрсеткіш		
	Төмен(%)	Орташа(%)	Жоғарғы(%)
БТ1			
Тарихи контексті білу және түсіну	42,2	38,3	19,5
Өмірбаяны мен қызметін білу және талдау	27,6	52,2	20,2
Тарихи дереккөздермен жұмыс жасау	58,4	32,1	9,5
Тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау	62,6	27,2	10,2
Рефлексия және тұлғалық пайымдау	71,7	23,1	5,2
БТ2			
Тарихи контексті білу және түсіну	48,4	37,4	14,2
Өмірбаяны мен қызметін білу және талдау	33,1	46,6	20,3
Тарихи дереккөздермен жұмыс жасау	62,2	27,7	10,1
Тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау	65,3	24,7	10,0
Рефлексия және тұлғалық пайымдау	74,8	20,1	5,1
ЭТ1			
Тарихи контексті білу және түсіну	40,1	42,2	17,7
Өмірбаяны мен қызметін білу және талдау	29,3	50,7	20,0
Тарихи дереккөздермен жұмыс жасау	55,2	34,6	10,2
Тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау	61,4	28,6	10,0
Рефлексия және тұлғалық пайымдау	72,5	22,2	5,3
ЭТ2			
Тарихи контексті білу және түсіну	46,3	38,5	15,2
Өмірбаяны мен қызметін білу және талдау	31,0	48,7	20,3
Тарихи дереккөздермен жұмыс жасау	60,1	29,9	10,0
Тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау	63,2	26,7	10,1
Рефлексия және тұлғалық пайымдау	75,8	19,2	5,0

Оқушылардың басым бөлігі тарихи материалды үстірт меңгеріп, дереккөздермен аналитикалық жұмыс жүргізуде, өз пікірін негіздеуде және тарихи тәжірибенің қазіргі қоғам үшін маңызын түсіндіруде жеткіліксіз деңгейде дайындық танытты. Диагностиканың қорытындылары тарихи тұлғаларды оқытудың жаңа үлгісі мен әдістемесін енгізудің өзектілігін айқын көрсетті.

Ұсынылып отырған модельдің басты мақсаты - оқушылардың аналитикалық және сыни ойлауын дамыту, тарихи дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, тарихи оқиғалар мен тұлғалардың рөлін бағалай алу қабілетін жетілдіру, сондай-ақ тарихи тәжірибені тұлғалық тұрғыда пайымдауға үйрету болып табылады. Бұл тәсіл оқушылардың білімін

тереңдетіп қана қоймай, тарихи үдерістерді кешенді түсінуге қажетті әмбебап дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жаңа модель эксперименттік топтарда енгізілгеннен кейін оқушылардың білім деңгейіндегі өзгерістерді анықтау мақсатында қайта диагностикалау жүргізу жоспарланды. Сонымен қатар тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа дейінгі және кейінгі нәтижелерге салыстырмалы талдау жасау арқылы әзірленген модельдің тиімділігі бағаланатын болады.

Жүргізілген бастапқы диагностика негізінде келесі тұжырымдар жасалды. Біріншіден, барлық топтарда тарихи тұлға туралы білім деңгейі шамалас болып, орта деңгейге сәйкес келеді, бұл тест нәтижелері мен білім деңгейлері бойынша үлестірілу арқылы дәлелденді. Екіншіден, оқушылардың жеке ерекшеліктері топтық тиесілігіне тәуелсіз байқалады, бұл олардың мінез-құлқында, эмоциялық реакцияларында және тарихи тұлғаларға қатынасында көрініс табады. Үшіншіден, барлық топтарда логикалық қателіктердің басым болуы оқушылардың тарихи тұлғалардың қызметін талдау мен бағалауда қиындықтарға тап болатынын көрсетеді, бұл сыни ойлаудың және дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларының жеткіліксіз дамуымен байланысты. Төртіншіден, кейбір оқушылардың тапсырмаларға қызығушылық танытпауын, өз пікірін білдірмеуін және тарихи тұлғалармен эмоциялық байланыс орнатпауын төмен оқу мотивациясымен және танымдық енжарлықпен түсіндіруге болады. Бесіншіден, пікірталас барысында бірқатар оқушылардың командалық өзара әрекетке түспеуі, ортақ стратегия қалыптастырмауы коммуникативтік және әлеуметтік дағдылардың жеткіліксіз деңгейде қалыптасқанын айғақтайды.

Осы нәтижелер XX ғасырдың бірінші жартысындағы Солтүстік Қазақстан облысының саяси қайраткерлерін оқытуда биографиялық нарративке негізделген жаңа әдістемелік модельді енгізудің қажеттігін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Модельді қолданғаннан кейін тарихи тұлға туралы білімнің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында бақылау әдісі де пайдаланылды.

Оқушылардың тарихи тұлға туралы білімінің қалыптасу деңгейіндегі өзгерістерді анықтау мақсатында эксперименттік және бақылау топтарында тарихи тұлға туралы білімді қалыптастыру моделінің мазмұндық бөлімі аясында қосымша талдау жүргізілді.

Тестілеу нәтижелері мен пікірталас арқылы жүзеге асырылған бақылау деректері оқушылардың курсты меңгеруге дейінгі және кейінгі білім деңгейін салыстыруға мүмкіндік берді. Жаңа модель мен әдістеме қолданылмаған бақылау топтарында көрсеткіштердің айтарлықтай өзгермеуі оқу үдерісіне инновациялық тәсілдерді енгізудің қажеттілігін айқындай түседі.

Ал эксперименттік топтарда қолданылған тарихи тұлға туралы білімді қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі аясында нәтижелердің елеулі жақсаруы байқалды. Бұл ұсынылған модельдің жоғары тиімділігін көрсетеді. Аталған тұжырымдар 4-кестеде ұсынылған деректермен расталады.

Қалыптастырушы эксперимент қорытындылары эксперименттік топтарда өмірбаяндық нарративке негізделген оқыту моделін жүйелі қолдану тарихи тұлғалар туралы білім сапасының айқын жақсаруына алып келгенін көрсетті. Бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелерін салыстырмалы талдау барлық критерийлер бойынша оң динамиканың байқалғанын дәлелдеді: төмен деңгейдегі оқушылар үлесі едәуір қысқарып, орта және жоғары деңгейдегі білім алушылар саны артты.

Эксперименттік топ оқушылары тарихи материалды тереңірек меңгеріп, тұлғалардың өмірі мен қызметін нақты тарихи контексте қарастыру, дереккөздерді талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және тарихи тұлғаның қоғамдық рөлін бағалау дағдыларын тиімді игергені анықталды. Нәтижелер олардың тарихи білімінің тек ақпараттық сипаттан шығып, бағалау және рефлексивтік деңгейге көтерілгенін көрсетті.

Кесте 4. Эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстан кейінгі тарихи тұлға туралы білім мазмұнының құрылымы

Критерий	Көрсеткіш		
	Төмен (%)	Орташа (%)	Жоғары (%)
БТ1			
Тарихи контексті білу және түсіну	38,1	41,9	20,0
Өмірбаяны мен қызметін білу және талдау	25,4	54,6	20,0
Тарихи дереккөздермен жұмыс жасау	54,8	35,1	10,1
Тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау	59,9	30,0	10,1
Рефлексия және тұлғалық пайымдау	67,9	27,1	5,0
БТ 2			
Тарихи контексті білу және түсіну	44,7	38,3	17
Өмірбаяны мен қызметін білу және талдау	30,1	49,9	20,0
Тарихи дереккөздермен жұмыс жасау	59,2	30,8	10,0
Тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау	62,2	27,8	10,0
Рефлексия және тұлғалық пайымдау	72,3	22,7	5,0
ЭТ1			
Тарихи контексті білу және түсіну	25,2	39,7	35,1
Өмірбаяны мен қызметін білу және талдау	15,2	44,8	40,0
Тарихи дереккөздермен жұмыс жасау	34,8	45,2	20,0
Тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау	40,1	39,9	20,0
Рефлексия және тұлғалық пайымдау	50,2	34,8	15,0
ЭТ2			
Тарихи контексті білу және түсіну	20,2	35,2	44,6
Өмірбаяны мен қызметін білу және талдау	18,3	41,8	39,9
Тарихи дереккөздермен жұмыс жасау	38,1	42,0	19,9
Тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау	42,2	37,8	20,0
Рефлексия және тұлғалық пайымдау	55,2	29,8	15,0

Осылайша, алынған нәтижелерді талдау тарихи тұлғалар туралы білімді қалыптастыруда жаңа әдістемелік тәсілдерді қолданудың қажеттілігін дәлелдейді. Бақылау топтарында тарихи тұлға туралы білім деңгейінде мардымсыз өзгерістер ғана байқалып, бұл көрсеткіштер оқу жылы барысында материалды дәстүрлі жолмен меңгерудің табиғи үдерісімен түсіндіріледі. Айтарлықтай өсім тіркелген жоқ.

Оқыту барысында қолданылған интерактивті тәсілдер - пікірталас, рөлдік ойындар, көрнекі және нарративтік материалдар - оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етіп, танымдық қызығушылық пен мотивацияның айтарлықтай өсуін қамтамасыз етті. Сонымен қатар сыни ойлау, өзіндік пікір қалыптастыру және тарихи деректерді интерпретациялау қабілеттері дамығаны байқалды. Бұл көрсеткіштер бақылау топтарының нәтижелерімен салыстырғанда анағұрлым жоғары болды.

Бақылау топтарында оқыту дәстүрлі әдістермен жүргізілгендіктен, білім көрсеткіштерінде елеулі өзгерістер тіркелмеді немесе шамалы ғана өсім байқалды. Мұндай айырмашылықтар биографиялық нарративке негізделген модельдің педагогикалық тиімділігін тәжірибелік тұрғыда нақты дәлелдейді.

Сапалық талдау барысында эксперименттік топ оқушылары тарихи тұлғаларды деректік ақпарат жиынтығы ретінде емес, белгілі бір дәуірдің әлеуметтік-саяси үдерістерімен тығыз байланысты тұтас бейне ретінде қабылдай бастағаны анықталды. Олардың жауаптарында тарихи контексті түсіну, тұлғаның қызметін бағалау және жеке көзқарасын негіздеу деңгейі айқын көрінді. Бұл тарихи сананың, азаматтық ұстанымның және құндылықтық бағдарлардың қалыптасуында оң өзгерістер бар екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер өмірбаяндық нарративке негізделген тарихи тұлға туралы білім қалыптастыру моделінің тиімділігін толық растады. Ұсынылған модель ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Солтүстік Қазақстан өңірінің саяси қайраткерлерін оқытуда дәстүрлі әдістермен салыстырғанда анағұрлым жоғары нәтижелер беретінін дәлелдеп, оқушылардың танымдық белсенділігі мен білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретіні анықталды.

Осылайша, зерттеу нәтижелері әзірленген әдістеменің ғылыми және практикалық тұрғыдан негізді екенін көрсетіп, оны мектеп тарихын оқыту тәжірибесіне енгізудің тиімділігін дәлелдеді.

Жүргізілген зерттеу ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Солтүстік Қазақстан облысының саяси қайраткерлері мысалында мектеп тарихы курсына өмірбаяндық нарративті қолданудың теориялық және практикалық негіздерін айқындауға, сондай-ақ оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелдеуге бағытталды. Тарихи тұлға туралы білім қалыптастыру үдерісі күрделі, көпқырлы және ұзақ мерзімді сипатқа ие екені анықталды. Ол тек фактологиялық ақпаратты меңгерумен шектелмей, тарихи контексті түсіну, тұлғаның өмір жолы мен қызметін талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және оның өңірлік әрі ұлттық тарихтағы рөлін бағалау сияқты кешенді танымдық әрекеттерді қамтиды. Өмірбаяндық нарратив тарихты адам тағдыры арқылы түсіндіруге мүмкіндік беретін тиімді дидактикалық құрал ретінде айқындалды. Бұл тәсіл оқушылардың тарихи ойлауын, талдау дағдыларын, сыни пайымдау қабілетін және тарихи санасын дамытуға оң әсер етеді. Мектеп оқулықтарына жүргізілген талдау жоғары сыныптарда өңірлік деңгейдегі саяси қайраткерлердің жеткіліксіз қамтылатынын көрсетті. Бұл тарихи үдерістерді тұлғалық деңгейде түсіндіру мүмкіндігін шектейді және қосымша дереккөздерді (архивтік материалдар, мемуарлар, ауызша тарих, цифрлық ресурстар) тарту қажеттігін айқындайды. Педагогикалық эксперимент нәтижелері өмірбаяндық нарративке негізделген модельді жүйелі қолдану оқушылардың білім сапасының айқын жақсаруына алып келетінін дәлелдеді. Эксперименттік топтарда төмен деңгейдегі оқушылар үлесі азайып, орта және жоғары деңгей көрсеткіштері артты, тарихи талдау, дереккөздермен жұмыс істеу және бағалау дағдыларының қалыптасуы күшейді. Әзірленген модельдің практикалық тиімділігі дәлелденіп, оны жалпы орта және кәсіби білім беру ұйымдарының тарих пәні тәжірибесінде қолдану мүмкіндігі негізделді.

Ұсынылған әдістемелік ұсынымдар тарихи білім сапасын арттыруға және оқушылардың азаматтық ұстанымы мен құндылық бағдарларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, зерттеу мектеп тарихында өмірбаяндық нарративті қолдану тарихи тұлғаларды оқытудың тиімді педагогикалық құралы екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, өңірлік тарихи материалды білім беру мазмұнына енгізудің маңызын негіздеді. Ұсынылған тәсіл оқушылардың тарихи санасын, аналитикалық ойлауын және Қазақстан тарихына деген қызығушылығын арттыруға бағытталған әдістемелік жаңашылдық ретінде бағаланады.

Әдебиеттер тізімі

Barton K. C. Teaching History for the Common Good. - 2nd edition. - New York: Routledge, 2021. - 212 p.

Chapman A. Historical Interpretations in Teaching and Learning History. - London: UCL Press, 2021. - 234 p.

Жукова М.Е.Формирование знаний школьников об исторической личности (на материале курса истории 8класса).Дисс...канд.пед.наук.-СПб.,1994.-275с.

Иванова Е.Н.Некоторые возможности использования педагогических идей М.Жумабаева в воспитательной работе с учащимися.-Материалымеждународ.науч.-практ.конф., посвященной 125-летию М.Жумабаева «Роль образования в контексте развития человеческого капитала».-Костанай,2018.-С.88-91.

Муханова Г.Р. Қазақстан тарихын оқытудағы нарративтік тәсілдің мүмкіндіктері // Хабаршы. Абай атындағы ҚазҰПУ. - Алматы, 2023. - №2. - Б.120-128.

Нурмуханбетов К.А. Биографиялық деректерді Қазақстан тарихын оқытуда пайдалану мәселелері // Отан тарихы. - Алматы, 2024. - №2. - Б.101-112.

Сураганова Б.Б. Использование произведений Магжана Жумабаева в преподавании истории Казахстана.-Материалы международ.науч.-практ.конф.,посвященной125-летию М.Жумабаева «Роль образования в контексте развития человеческого капитала».-Костанай,2018.-С.189-192.

Тлеубаева Л.С. Тарих сабағында тұлғатану әдісін қолданудың педагогикалық негіздері // Хабаршы. Абай атындағы ҚазҰПУ. Тарих және әлеуметтік-саяси ғылымдар сериясы. - Алматы, 2022. - №1. - Б.66-74.

Ж.Ж. Шупанова^{1*}, Г.С. Ильясова²

^{1,2}*Северо-Казахстанский университет им.М. Козыбаева (Петропавловск,Казахстан)*

МЕТОДИКА ПРИМЕНЕНИЯ БИОГРАФИЧЕСКОГО НАРРАТИВА В ШКОЛЬНОМ ИСТОРИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ (НА ПРИМЕРЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ ДЕЯТЕЛЕЙ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЫ XX ВЕКА)

Аннотация. В статье всесторонне рассматриваются теоретико-методологические и практические основы использования биографического нарратива в школьном курсе истории на примере политических и просветительских деятелей Северо-Казахстанского региона первой половины XX века. Цель исследования - определить педагогический потенциал биографического подхода в обучении историческим личностям, разработать структурно-содержательную модель обучения на основе биографического нарратива и проверить её эффективность экспериментальным путём. В качестве методологической основы применялись диалектический, историко-хронологический, историографический методы, контент-анализ, сравнительный анализ, моделирование, а также методы педагогической диагностики. В ходе исследования был проведён анализ содержания школьных учебников, а уровень знаний учащихся об исторических личностях определялся посредством анкетирования, тестирования, наблюдения, дискуссий, письменных работ и практической работы с историческими источниками. Результаты диагностического этапа показали, что

традиционные методы обучения не обеспечивают глубокого и системного понимания исторических личностей, а знания учащихся в основном формируются на информационном уровне. Формирующий эксперимент продемонстрировал, что систематическое внедрение биографического нарратива способствует более глубокому пониманию исторического контекста, развитию навыков анализа источников, оценки фактов и рефлексии. В экспериментальных группах зафиксирована положительная динамика качества знаний, рост показателей среднего и высокого уровней, а также повышение учебной мотивации и интереса к предмету. Предложенная модель способствует развитию познавательной активности, критического мышления, гражданской позиции и ценностных ориентаций учащихся. Результаты исследования подтверждают научную и практическую значимость внедрения биографического нарратива в школьную практику преподавания истории и предлагают методические рекомендации по обновлению содержания исторического образования.

Ключевые слова: биографический нарратив, историческая личность, школьная история, методика преподавания истории, личностно-ориентированный подход, педагогический эксперимент, познавательная компетентность, критическое мышление, Северный Казахстан, политические деятели.

Zh.Zh. Shupanova^{1*}, G.S. Pyasova²

^{1,2}*M. Kozybayev North Kazakhstan University (Petropavlovsk, Kazakhstan)*

METHODOLOGY FOR APPLYING THE BIOGRAPHICAL NARRATIVE IN SCHOOL HISTORY EDUCATION (BASED ON THE EXAMPLE OF POLITICAL FIGURES OF NORTHERN KAZAKHSTAN IN THE FIRST HALF OF THE 20TH CENTURY)

Abstract. The article comprehensively examines the theoretical, methodological, and practical foundations for the use of the biographical narrative in the school history curriculum, based on the example of political and educational figures of the North Kazakhstan region in the first half of the twentieth century. The purpose of the study is to determine the pedagogical potential of the biographical approach in teaching historical personalities, to develop a structural and content-based instructional model grounded in the biographical narrative, and to test its effectiveness through experimental implementation. The methodological framework includes dialectical, historical-chronological, and historiographical methods, as well as content analysis, comparative analysis, modeling, and pedagogical diagnostic techniques.

The study involved an analysis of the content of school textbooks, while students' knowledge of historical figures was assessed through questionnaires, testing, observation, discussions, written assignments, and practical work with historical sources. The results of the diagnostic stage showed that traditional teaching methods do not ensure a deep and systematic understanding of historical personalities, and students' knowledge is mainly limited to the informational level.

The formative experiment demonstrated that the systematic integration of the biographical narrative contributes to a deeper understanding of historical context and enhances students' skills in source analysis, evaluation of facts, and reflection. Experimental groups showed positive dynamics in the quality of knowledge, an increase in medium and high achievement levels, as well as greater learning motivation and interest in the subject.

The proposed model promotes the development of cognitive activity, critical thinking, civic awareness, and value orientations among students. The findings confirm the scientific and practical significance of introducing the biographical narrative into school history teaching and offer methodological recommendations for updating the content of historical education.

Keywords: biographical narrative, historical personality, school history, history teaching methodology, learner-centered approach, pedagogical experiment, cognitive competence, critical thinking, Northern Kazakhstan, political figures.

References

- Barton K. C. Teaching History for the Common Good. - 2nd edition. - New York: Routledge, 2021. - 212 p.
- Chapman A. Historical Interpretations in Teaching and Learning History. - London: UCL Press, 2021. - 234 p.
- Ivanova E.N. Some Possibilities of Using M. Zhumabaev's Pedagogical Ideas in Educational Work with Students // Proceedings of the International Scientific-Practical Conference Dedicated to the 125th Anniversary of M. Zhumabaev "The Role of Education in the Context of Human Capital Development". - Kostanay, 2018. - P.88-91.
- Mukhanova G.R. Possibilities of the Narrative Approach in Teaching the History of Kazakhstan // Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. - Almaty, 2023. - No.2. - P.120-128.
- Nurmukhanbetov K.A. Issues of Using Biographical Sources in Teaching the History of Kazakhstan // Otan Tarikhy. - Almaty, 2024. - No.2. - P.101-112.
- Suraganova B.B. The Use of Magzhan Zhumabaev's Works in Teaching the History of Kazakhstan // Proceedings of the International Scientific-Practical Conference Dedicated to the 125th Anniversary of M. Zhumabaev "The Role of Education in the Context of Human Capital Development". - Kostanay, 2018. - P.189-192.
- Tleubaeva L.S. Pedagogical Foundations of Using the Personality-Oriented Approach in History Lessons // Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. Series: History and Socio-Political Sciences. - Almaty, 2022. - No.1. - P.66-74.
- Zhukova M.E. Formation of School Students' Knowledge about a Historical Personality (Based on the Grade 8 History Course): Cand. Sci. (Pedagogy) Dissertation. - Saint Petersburg, 1994. - 275 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Шупанова Жания Жумабековна – Тарих БББ 2 курс магистранты, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қаласы, Қазақстан .

Ильясова Гаухар Сапорбековна – М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті «Қазақстан тарихы және құқық» кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор (доцент), PhD докторы, Петропавл қаласы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Шупанова Жания Жумабековна – магистрант 2 курса ОП История, Северо-Казакхстанский университет имени Манаша Козыбаева, г. Петропавловск, Казахстан.

Ильясова Гаухар Сапорбековна – заведующая кафедрой «История Казахстана и право» Северо-Казакхстанского университетаа имени Манаша Козыбаева, ассоциированный профессор (доцент), доктор PhD, г. *Петропавловск, Казахстан.*

Information about the Authors:

Zhaniya Zhumabekovna Shupanova – 2nd-year Master's student, M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan.

Авторлардың үлесі

Шупанова Жания Жумабековна – зерттеудің тұжырымдамалық аппаратын қалыптастырып, оның әдіснамалық деңгейін негіздеді. Тақырыпқа қатысты архивтік және тарихнамалық деректерге кешенді сараптама жасап, мақаланың негізгі мәтіні мен қорытынды тұжырымдарын дайындады

Ильясова Гаухар Сапорбековна – Автор зерттеудің деректік базасын толықтырып, тақырыптың тарихнамалық игерілу деңгейін саралауға елеулі үлес қосты. Сонымен қатар, қолжазбаны баспа талаптарына сәйкестендіріп, пайдаланылған әдебиеттер тізімін жүйелі қалыпқа келтірді

Вклад авторов

Шупанова Жания Жумабековна — сформировала концептуальный аппарат исследования и обосновала его методологическую базу. Провела комплексный анализ архивных и историографических данных по теме, подготовила основной текст статьи и сформулировала итоговые выводы.

Ильясова Гаухар Сапорбековна – внесла существенный вклад в расширение источниковой базы исследования и детализацию степени изученности темы (историографический обзор). Обеспечила оформление рукописи в соответствии с требованиями издания и систематизировала библиографический список.

Authors' contributions

Zhaniya Zhumabekovna Shupanova – developed the conceptual framework of the study and established its methodological foundation. She conducted a comprehensive analysis of archival and historiographical data, drafted the main text, and formulated the final conclusions.

Gaukhar Saporbekovna Ilyassova – made a significant contribution to expanding the research source base and detailing the current state of scholarly discourse (historiographical review). She ensured the manuscript was formatted according to the journal's guidelines and systematized the bibliographic references.

Редакцияға енуі 09.10.2025

Өңдеуден кейін түсуі 19.02.2026

Жариялауға қабылданды 28.03.2026